

## Хромтау ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына тұрақты қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 109 қаулысы және Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 наурыздағы № 309 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 8701-04 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 31-баптарына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Хромтау ауданы азаматтарының келесідей жекелеген санаттарына меншіктің барлық түріндегі тұрақты қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) тегін жол жүру түріндегі жеңілдік белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген ардагерлерге;

3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне;

4) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға;

5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;

6) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;

7) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар.

2. Хромтау ауданы азаматтарының келесідей жекелеген санаттарына меншіктің барлық түріндегі тұрақты қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүру ақысының 50% мөлшерінде жол жүру түріндегі жеңілдік белгіленсін:

1) жасына байланысты зейнеткерлер;

2) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға:  
екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар балалар.

3. Аудандық бюджет қаржыландыру көзі болып айқындалсын.

4. "Хромтау аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудандық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. "Хромтау аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жеңілдікпен жол жүру карталарын дайындауды қамтамасыз етсін.

6. "Хромтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген азаматтардың тізімдерін алуды қамтамасыз етсін.

7. Осы бірлескен Хромтау ауданы әкімдігінің қаулысы мен Хромтау аудандық мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Хромтау ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы бірлескен Хромтау ауданы әкімдігінің қаулысы мен Хромтау аудандық мәслихатының шешімі олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Хромтау ауданының әкімі*

*Н. Ж. Тлеумұратов*

*Хромтау аудандық*

*Э. Б. Болатов*

*мәслихатының төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК